Бекітемін:
Мектеп директоры: Г.Гурлибекова

2023–2024 оқу жылына арналған жолда жүру қауіпсіздігі бойынша жылдық жоспар

Ай/Уақыты	Іс-шара атауы	Мақсаты	Жауапты
Қыркүйек	Жылдық жоспарды бекіту	Жыл бойы жүргізілетін профилактикалық жұмысты жоспарлау	ДТІЖО
Ай бойы	«Жол ережесін білейік» тәрбие сағаттары (1–11 сынып)	Оқушылардың жол ережелерін меңгеруі	Сынып жетекшілер
Ай бойы	Жол белгілері, бағдаршам туралы бейнематериалдар көрсету	Көрнекілік арқылы түсіндіру	Сынып жетекшілер
Ай бойы	«Жол әліппесі» апталығы (1–4 сынып)	Бастауышта жол қауіпсіздігін қалыптастыру	Бастауыш бірлестік
Қазан	Полиция инспекторының кездесуі «Жолда абай бол!»	Оқушылардың қауіпсіздік түсінігін дамыту	Инспектор
Қазан	«Көліктегі тәртіп» түсіндіру сабағы	Қоғамдық көлікте жүру мәдениетін қалыптастыру	Инспектор
Қазан	«Жол белгілерін таны» жаттығулары	Жол белгілерін меңгерту	Мұғалімдер
Қараша	«Қауіпсіз өт!» тәжірибелік жаттығу	Жаяу жүргінші өткелін дұрыс қолдануға үйрету	Мұғалімдер
Қараша	Велосипед міну қауіпсіздігі туралы түсіндіру	Қауіпті жағдайлардың алдын алу	Инспектор
Қараша	«Жол қозғалысы ережелерін білесің бе?» викторина	Білімін тексеру	Тәрбие бөлімі
Желтоқсан	«Қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі» түсіндіру сабағы	Қыста жолдағы қауіпті түсіндіру	Сынып жетекшілер
20–25 желтоқсан	«Қауіпсіз каникул» нұсқаулығын тарату	Каникул кезіндегі қауіпсіздікті сақтау	ДТІЖО

Қаңтар	«Жол белгілерін тану» тесті	Оқушылардың білім деңгейін анықтау	ДТІЖО
Қаңтар	«Жол белгілерін танып біл» жаттығулары	Теориялық білімді практикада бекіту	Мұғалімдер
Қаңтар	Сыныпішілік бақылау	Ережелерді меңгеру дәрежесін анықтау	Сынып жетекшілер
Ақпан	Мектеп ауласындағы жол сызықтарымен тәжірибелік жаттығу	Практикалық әрекет дағдыларын қалыптастыру	Мұғалімдер
Ақпан	1–7 сыныппен «Жаяу жүргінші өткелі» жаттығуы	Өтпе жолды дұрыс пайдалану	Мұғалімдер
Ақпан	Инспектормен профилактикалық кездесу	Жолдағы жауапкершілікті арттыру	Инспектор
Наурыз	«Қауіпсіз мектеп жолы» маршрутын талдау	Қауіпті аймақтарды анықтау	ДТІЖО, инспектор
Наурыз	Ақпараттық парақшалар тарату	Жолда жүру мәдениетін насихаттау	Тәрбие бөлімі
Сәуір	«Қауіпсіз жол – қауіпсіз балалық шақ» айлығы	Оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін дамыту	Тәрбие бөлімі
Ай бойы	Қабырға газеттері, көрмелер, инфографика	Көрнекілік пен насихатты күшейту	Сынып жетекшілер
Ай бойы	Сурет байқауы мен викториналар	Оқушылардың белсенділігін арттыру	Мұғалімдер
Мамыр	Жылдық мониторинг жүргізу	Жұмыстардың тиімділігін анықтау	ДТІЖО
Мамыр	Оқушылардың жол ережелерін меңгеру деңгейін талдау	Жол қауіпсіздігі мәдениетін бағалау	ДТІЖО, инспектор
25 мамыр	Жылдық қорытынды есеп дайындау	Профилактикалық жұмысты қорытындылау	ДТІЖО Г.Хидирова

1-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

1-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптыңатауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяужүргіншіөтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетінжолқиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	**6**

«Жалын-2021»зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді ДТІЖО:

Хидирова Г.Б

Жолда жүру ережелері

Тақырыбы: «Көше күтпеген оқиғаларға толы »

Сынып : 1Ә

Сынып жетекші:Керимбаева А

Күні :15.09.2023ж

2023-2024оқу жылы

Тақырыбы: Көше күтпеген жағдайларға толы.

Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту (көше, бұрылыстар). Баланы зейінді епті болуға тәрбиелеу. Көшеде жүру ережесі, көше қиылысы, бағдаршам, жол белгілері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы білімдерін бекіту.

Көрнекі құралдар: көшелер, жүргіншілерге арналған белгілері бар қиылыстар, жол белгілері салынған суреттер, жаяу жүргіншілер өтетін жер, «Алғашқы дәрігерлік көмек», «Жанармай станциясы», «Тамақтану орны», «Телефон», «Машина қоятын жер», т.б.

Сөздік жұмыс: көше қиылысы, қарама-қарсы бағыттағы жол қозғалысы.

Сабақтың барысы: сабақ алдында жақын жатқан бағдаршам бар көшемен бұрылыстарға мақсатты саяхат жасалады. Бұл саяхатта балалар мен бірге бағдаршамның жұмысына, машиналардың әрлі-берлі жүруіне, жүргізушілерге көңіл аударып, бақылау жасайды. Мұғалім қала көшелері бейнеленген суретті көрсетеді

Мынау қала көшелеріме әлде, ауыл көшелеріме?

Біз қазір сендермен қаламыздың бір көшесіне серуенге барамыз. Егер бәріміз жаяу жүріп барсақ, онда бізді кімдер деп атайды? (Жаяу жүргінші). Ал жүргіншілер үшін жол қозғалысының арнайы ережелері бар.

Қала мен оның көшесінде,

Жүрмейді тек алаңсыз,

Ережесін білмесеңіз,

Түседі қайғы амалсыз

Сақтық ойлар әрдайым

Кеудесінде жаны бар

Жүргінші мен жүргізушінің

Өзіне тән заңы бар

Ал қазір біз жол ережелерін еске түсіреміз.

Жаяу жүргіншілер қай жермен жүру керек? (жаяу жүргіншілерге арналған жолмен)

Жолдың қай жағымен жүргені дұрыс (жолдың оң жағымен)

Дұрыс айтасыңдар, жолдың оң жағымен жүрсеңдер басқа жүргіншілерге кедергі жасамайсыңдар.

Жүргіншілер көшенің қай жерінен қиып өте алады? (жаяу жүргіншілер өтетін жол)

Дұрыс, ал енді балалар осы көше қиылыстарында жүргіншілердің қозғалысын реттеп тұратын көмекшілер бар. Кәне, мына жұмбақтарды шешіп көрейік:

Күндіз-түні жанамын,

Дабыл беріп бәріне.

Үш түрлі түсім бар

Белгілі жас пен кәріге

(Бағдаршам)

Қарашы күшін керемет,

Көше тәртібін сақтап тұр.

Сілтеп еді оң қолын,

Дәу машина тоқтап тұр.

(Реттеуші милиционер)

шам көздері нені білдіреді?

Қызыл – Тоқта!

Сары – Күт!

Жасыл – Жүр!

2. Жүргіншілердің ғылыми мектебі.

Сендер жол бойында тұрған белгілерді көрдіңдер ме? Бұлар – жол белгілері. Әр жол белгісі нені білдіреді?

Балалар жол белгілеріне қарап, оларды атай бастайды. («Жаяу жүргіншілер өтетін жол», «Алғашқы дәрігерлік көмек», «байланыс көмекшісі», «көлік қоятын орын»). Дымбілмес те балалармен бірге жол белгілерін қайталап, үйрене бастайды.

Бүгін біз жаңа белгілермен танысамыз. Олар үшбұрыш пішінді болып келеді. Онда екі баланың бейнесі салынған. Ол «балалар» деп аталатын белгі. Бұл белгі мектептер мен басқа да балалар мекемелерінің жанында тұрады. Бұл белгі сендердің көмекшілерің, мұнда жүргізушілер өте сақ болғаны дұрыс.

Жарайсыңдар, балалар! Сендер жол белгілерін жақсы ажыратып. «Жүргіншілердің ғылыми мектебінде» өте жақсы деген баға алдыңдар.

3. «Жүргінші» ойыны.

Біз жаяу жүргіншіден жолаушыларға айналамыз. Біз автобусты қай жерде күтуіміз керек? (аялдамада)

Егер сендер мына жұмбақ шешуін тез тапсаңдар, автобус аялдамаға тез келеді.

Бұл не қылған көк үй,

Айналасы терезе ойып алған.

Аяғында етігі резеңке

Ал өзі бензинге тойып алған.

Ал міне, автобус та келді. Орындықты автобус қылып қояды. («Су тасушы» өлеңінің әуені ойналады).

Зуылдаймыз, зулаймыз

Алыс-алыс жерлерге

Бақытты біз достармыз

Сапар шеккен елдерге.

Біз көлікте келе жатқандықтан, қоғамдық көлік ережелері туралы әңгіме етеміз:

А) көлікке кірген кезде бос орынға ұмытылмай, алдымен жан-жағына байыппен қарап ал, өйткені сенің қатарыңда адам немесе балалы ана тұруы мүмкін;

Ә) көлікте орын таңдап, бейбастық көрсетпе, кез келген бос орынға отыруың керек;

Б) көлік қозғалысы кезінде есігін қолмен итеруге болмайды; есікті жүргізушінің өзі ашқанға дейін күтіп тұру керек;

В) көлік жүріп келе жатқанда, жүргізушіні алаңдатуға болмайды;

Г) терезеден сыртқа асылуға тыйым салынады, бұл – өте қауіпті;

Ғ) көлікте қатты сөйлеуге болмайды, басқа жүргіншілерге кедергі жасайсың.

3. Жағдаяттарды шешу.

Абзал әкесімен автобусқа кірді.

Абзал алдына қарай ұмытылып, қолайлы бір орындықты таңдап: «Әке, мен саған орын алып қойдым, тез кел», - деп айқайлайды. Адамдардың барлығы оған таңдана қарады, ал әкесі оның құлағына сыбырлады.

...озалға не деп айтты?

Майра анасымен трамвайға келе жатты. Майра терезе алдында отырған. Аялдамадан көп адам мінді. Анасы жылжып, Майраны тізесіне отырғызып, бір әйелге орын берді. Ол алғыс айтты. Ал Майра болса, қыңырланып, өзіне орынның тар екендігін айтты. Тіпті қасында отырған әйелдің сыпайы сөзіне жауап та берген жоқ.

Майраның қылығына қандай баға бересіңдер?

4. Дәптермен жұмыс.

- өзіне ұнаған суреттердің астын сыз. Ал ұнамаған суреттерді мүлде сызып таста және неге екендігін түсіндір.

- жарайсыңдар! Сендер өте жақсы жолаушылар екенсіңдер. Автобус пен троллейбуса өздеріңді жақсы ұстасаңдар, ешкім сендерге ескерту жасамайды.

Осымен біздің саяхатымыз аяқталды. Автобуспен жаймен түсеміз де, қайтадан жүргіншілер боламыз.

Балалар, жолдың қарсы бетіне қалай дұрыс өтеміз?

Жаяу жүргіншілер өтетін жерге барумыз керек.

Қорытынды.

Біздің қалаларымызда, сол сияқты ауылды жерлердің бәріне ортақ жол қатынасы енгізілген. Бұл ережені оқушылар, үлкендер де барлық жүргіншілер, көлік жүргізушілері бұлжытпай орындалуы керек. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар, жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Жол тәртібін білейік, есен - аман жүрейік!



STOP

«Жалын-2021»зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді ДТІЖО:

Хидирова Г.Б

Жолда жүру ережелері

Тақырыбы: «Жаяу жүргінші өтпелері»

Сынып : 1Ә

Сынып жетекші:Керимбаева А

Күні :13.10.2023ж

2023-2024оқу жылы

Тақырыбы: Жаяу жүргінші өтпелері

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға жол жүру ережесін, тәртібін сақтай білуді үйрету; өз ойларын ашық айтуға, көше белгілерін жатқа айтуға дағдыландыру; оқушыларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.
Әдісі: сұрақ-жауап, үйрету, көрініс
Көрнекілік: жол белгілеріне байланысты сөздер, пақыл сөздер.

Сабақтың барысы:
Кіріспе.Көшелер мен жолда жүру ережелерін сақтауға сонау ат арба, пәуеске кезінде-ақ талпыныс жасалған еді. 1683 жылы Ресейде патшалар Иоанн және Петр Алексеевичтердің жеке жарлығы басылып, онда атты божымен басқаруға тыйым салынды. Ат айдаушы жақсы көріну үшін салт мінуі керек болды. 1730 жылы жаңа указ басылып, аттар жүгенделіп, тәртіп бұзбай жүру керек болды. 1742 жылы қайта шығып, онда «Кімде кім тәртіп бұзатын болса, жазаланады» делінді. 1812 жылы жаңа ережеде оң жақты қозғалыс, жылдамдықты шектеу, нөмірлік белгілер қойылды. 1968 жылы Венада өткен жолда жүру туралы халықаралық конференцияда «Жолда жүру туралы конвенция» қабылданды. Осы құжат негізінде «Жолда жүру ережесі» жасалды. 1973 жылы күшіне енді.
Сыныпты үш топқа бөліп тапсырмалар беріледі. Үш топ сәлемдесіп өздерін таныстырады. 1-топ «Руль» тобы. «Бұрамын оңға, солға»
2-топ «Бағдаршам» тобы. «Тоқта, Сақтан, Жол ашық», «Жүрме жолға таласып»
3-топ. «Радар тобы». «Жол ережесін сақта, Тоқта, Байқап жүр» деп жарысты бастайды.
«Руль» тобының сұрақтары:
-Өмірімізді қатерден сақтандыратын, көшемізде тұратын көмекшіміз не? (Бағдаршам)
-Көше қиылыстарынан қалай өту керек? (Мысал келтіре жауап береді)
-Қанша жасқа дейін көшеде велосипедпен жүруге болмайды?(Он төрт жасқа дейін)
«Бағдаршам» тобының сұрақтары:
-Бағдаршам болмаса көшенің екінші бетіне қалай өтеміз? (Алдымен сол жағымызға қараймыз,жолдың ортасына жеткенде оң жағымызға қараймыз)
-Жолда жүру ережесіндегі ескерту белгілерді бейнеле және түсіндір.
-Балалар қай жерлерде ойнау керек? (Арнайы алаңдарда)
«Радар» тобының сұрақтары:
-Тротуар деген не?
-Көше қиылысына келген жаяу жүргінші не істеу керек?
-Біздің адал досымыз не, оның әрбір түсін түсіндір. Үш топ бір біріне жұмбақтар айтады.
Жұмбақтар
Сөйлеуді ол білмейді,
Бірақ «тоқта», «жүр» дейді. (Бағдаршам)
Үзеңгісін тептім,
Зымырап кеттім. (Велосипед)
Төрт аяғы дөңгелек,
Адамсыз ол жүрмейді. (Машина) Өзі
тым күшті,
Аяғы тісті. Ілезде
тындырар
Қыруар істі. (Трактор)
Үш топтан бір оқушыдан шығып өлең жолдарын, әндер айтады.

Қорытынды.
Көңілді жарыс сағатының қорытындысын хабарлап, жарысқа белсене қатысқан оқушыларға «Озат жүргінші» төсбелгілері тапсырылады.

ЖОЛДА

ЖҮРҮ

ЕРЕЖЕСІ



«Жалын-2021»зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді ДТІЖО:

Хидирова Г.Б

Жолда жүру ережелері

Тақырыбы:«Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам»



Сынып : 1Ә

Сынып жетекші:Керимбаева А

Күні :15.12.2023ж

2023-2024оқу жылы

ың тақырыбы: Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам
тың мақсаттары:
ділік: Оқушыларға жолда жүру ережесін үйрете отырып олардан алған білімдерін пысықтау.

амытушылық: Өз ойларын ашық айтуға, көше тәртібі белгілерін жатқа айтуға дағдыландыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: бағдаршам, суреттер.
Сабақтың барысы: ***I. Ұйымдастыру кезеңі.***
Арманға алда күткен асығармыз
Біз қалай толқын айтпай басылар**мыз.**
Жол жүру ережесін жақсы біліп
Сақтыққа тұра алатын жас ұланбыз!
Жалғайтын достастырып бар елменен
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.
- **Реттеуші деген кім?**
- **Реттеуші алғаш үлкен қалаларда пайда болған, яғни оның негізгі міндетті көшедегі қозғалысты реттеу. Оны** реттеу үшін ол жезл деген құралды пайдаланды. Көпшілік оны «ала таяқ» деп те атайды.
Жұмбақ жасыру.
1. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,
Бақылаған үш көзі бар бірақ та.
(Бағдаршам)
- Кейін реттеушінің орнына бағдаршам **пайда болды.**
- Бағдаршам қалай пайда болды?
- Алғашқы бағдаршам темір жол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшын инжинер - механигі Д. Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Апарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, газ жарылып кезекте тұрған полицей қаза болды. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болды. Тек 1914 жылы Американың Кливлену қаласында соосын Нью - Йорк қалаларында қайтадан пайда болды. Бұл жолы екі түсті қызыл, жасыл электр бағдаршам болды. Ал 1918 жылдан бастап үш түс қолданыста болды. Кеңес одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылдан Кузнецкі көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Қазіргі заманның талабына сай жаңа технологияның дамуына байланысты реттеушіні бағдаршам алмастыруда. Олай болса балардың бағдаршам туралы не білетіндерін тыңдайық
<u>Қызыл жарық:</u> Қызыл жарық жанғанда,
Қалт тоқтай қал табанда.
<u>Сары жарық:</u> Сары шамы жағылса,
Сақ абай бол барынша!
<u>Жасыл жарық:</u> Жасыл жарық – жол ашық,
Зымырай бер бел асып
<u>Барлығы:</u> Ирек - ирек көшелер,
Көше деген мың ирек.
Қиындыққа әйтседе
Үйренесің біртіндеп.
Барар жерге асықпа,
Бәйге алмайсың бұрын кеп.
- Қазір жаяу жүргіншілерге де арналған бағдаршам бар. Бірақ әзірге біздің қаламызда орнатылмаған. Бірақ біз үлкен қалалардан көре аламыз. Мысалы: Ақтау қаласында т. б
Олай болса бүгінгі сабағымызда реттеуші туралы білдік.
- Енді осы реттеушінің әрбір қиылысы бізге, көліктерге айтылған ескертпелер екен.
Практикалық кезең.
- Үлкен қалаларда не көп, бағдаршамдар көп. Олардың көпшілігі көнеріп, істен шығып қалып жатады. Тіпті кейде көлік қозғалысы шамадан тыс көбейіп кетуі де әбден мүмкін. Ондайда жүріс - тұрысты реттеу үшін бағдаршамдар орнына реттеуші тұрады. Ол ала таяқшаның көмегімен қозғалысты қалыпқа келтіреді. Егер реттеуші түн мезгілінде тұрса, жүргізуші көретіндей яғни таяқшаның ішінде жанып тұратын белгі болады. Егер реттеуші таяғын жоғары қарай көтерсе, бұл дайындалу керектігін ескертеді. Мұндай жағдайда жүруге болмайды. Реттеуші бізге қарай қарап тұрса немесе арқа жағын беріп тұрса жүруге тыйым салынады. Реттеуші бүйірімен бұрылып тұрса онда жүруге болады деген сөз, жүруге рұқсат берілген жағдайда реттеушінің екі иығы да саған көрініп тұрады. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттеуші де тұрса, онда реттеушінің қимылын басшылыққа алу керек.
Тапсырма.
1. Реттеуші деген кім, оның қызметі қандай?
2. Егер реттеуші таяғын жоғары көтерсе не істеу керек?
3. Қандай жағдайда жүргіншінің жүруіне болады?
4. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттеуші бағыт көрсетіп тұрса, кімге бағыну керек?
Есінде болсын!
Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды.

қиылысына келгенде, екі жағына назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт.
ің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды.
енің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе.
ше қиылысында тоқтау сызығы болады. Осы жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт.
автобусты артқы жағынан айналып өт. Жолда жүріп жатқан машина көрінбесе, онда екі жағы бірдей көрінетін жолды таңда, сол жерден өт.
Жаяу жүргіншілер жаға жолдың оң жақ қапталымен жүруге тырысу керек.
Егер велосипедпен жүрсең, жолда жүруге ережелерін білетінің, туралы куәландырылған қағазың болуы тиіс.
- Велосипедпен неше жастан бастап жолмен жүруге болады. (сұрақ)
- Жол бойында 14 жасқа толған балаларға ғана болады.(жауап)
Жол бойына коньки, шаңғы доп теппе.
Көліктің артына жармаспа.
Қалтарыстан шыға келме, өмірінe қауіпті.
Жаға жолмен ғана жүруге болады, машина жолымен жүруші болма.
Жол көлік оқиғасын кезінде полиция бөліміне хабарлас.
Жарақат алғандарға алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсет.
Жол белгілерін ажырата білгін жөн.

Қорытынды.

Біздің қалаларымызда, сол сияқты ауылды жерлердің бәріне ортақ жол қатынасы енгізілген. Бұл ережені оқушылар, үлкендер де барлық жүргіншілер, көлік жүргізушілері бұлжытпай орындалуы керек. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар, жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Жол тәртібін білейік, есен - аман жүрейік!



Оқу-ағарту министрлігі

Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы

ЖШС «Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебі

7 «А» сынып

«Жолда жүру ережелер» күнтізбелік-тақырыптық жоспар

2023-2024 оқу жылы

7 «А» сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	1
2.	қазан	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	1
4.	желтоқсан	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қаңтар	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1
6.	ақпан	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	1
7.	наурыз	Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.	1
8.	сәуір	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	1
9.	сәуір	велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

Тақырыбы: Көлік құралдарын пайдалану ережелері		Мұғалімнің есімі: Керимбекова Д СЫНЫП: 7 «А»
Күні: 25.10.24ж	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:
Сабақ мақсаттары	Оқушыларды қоғамдық көлікпен жүруге және жолда өзін дұрыс ұстауға үйрету.	
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы	Ресурстар
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: І топ **«Бағдаршам»** ІІ топ **«Жүргізуші»** ІІІ топ **«Аялдама»** Автокөлік қоғам дамуының ажырамас серігіне айналды, ол адамдарға экономикалық жүктерді тасымалдауда да, жолаушыларды тасымалдауда да баға жетпес көмек көрсетеді. Сонымен бірге көлік апатқа да себеп болды. Әрине, бала көліктен емес, жарақат алуы мүмкін - балалар далада ойын ойнаған кезде жиі құлап кетеді. Бірақ жол-көлік оқиғаларында алған жарақаттар өте қауіпті: негізінен кеуде және құрсақ мүшелерінің ауыр жарақаттарымен, аяқ-қолдардың сынуымен қосарланған бас-ми жарақаттары. Адам қозғалып келе жатқан көліктің алдында қорғансыз, әсіресе ол бала болса. Өзіңізге қауіп төндіру керек пе, егер жолда қауіпсіз жүріс-тұрыстың сенімді құралдары болса, оларды пайдалану керек. Ал бұл құралдар қарапайым – терең білім және көшеде өзін ұстау мәдениеті.	Суреттер, слайд Бағалау
Ортасы 20	**1-тапсырма. Сұрақ-жауап айдары**	**Қалыптастыру**

минут	Қандай көлік түрлерін білесіңдер? Олардың мақсаты қандай? Көлік құралдарының түрлері. 1. Жолаушылар көлігі: автомобильдер (әртүрлі маркаларды атаңыз). 2. Жүк көлігі және арнайы көліктер (самосвалдар, фургондар, тіркемелер, жаңбырлатқыштар, қар тазалағыштар, бульдозерлер). 3. Мотоциклдер, мотороллерлер, мопедтер, велосипедтер. 4. Қоғамдық көлік: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, метро («маршруттық көлік» деп аталатын нәрсені есте сақтаңыз). 5. Ауыл шаруашылығы және өздігінен жүретін машиналар. Жол жүру үшін автобус, троллейбус, трамвай, такси немесе басқа көлік құралдарын пайдаланатын адамдар жолаушылар деп аталады. Әрбір жолаушы жергілікті атқарушы органдар бекіткен Жол қозғалысы ережелерінде (5-бөлім) және Қоғамдық көлікті пайдалану ережесінде белгіленген өз міндеттерін мүлтіксіз орындауы керек. Бұл қандай ережелер? Әдетте белгілермен белгіленген аялдамаларда көлікті күту керек. Жол бойындағы күту аймағы ақ түсті сызықпен белгіленген және қону алаңы деп аталады. Егер мұндай аймақ болмаса, онда сіз көлікті тротуарда немесе жолдың шетінде тоқтау белгісіне қарама-қарсы күтуіңіз керек. Бұл ретте жолға шығуға тыйым салынады. Троллейбусқа, автобусқа, трамвайға және басқа көліктерге олар толығымен тоқтағаннан кейін ғана отыруға болады. Әдетте, отырғызу артқы есіктер арқылы жүзеге асырылады, ал түсіру алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Бірнеше есік болса, жолаушыларды бағыттайтын белгілер ілінеді: «Кіру», «Шығу». Ешбір жағдайда автобусқа немесе трамвайға қозғалыс кезінде секіруге немесе көліктің артқы жағына жабыспауға болады. Қоғамдық көлікте жүргенде жолаушы кондуктордың немесе жүргізушінің нұсқауларын орындауға міндетті. Көліктен ол толық тоқтаған кезде ғана түсуге болады. Автобустан түскен жолаушы жол бойында кідірмей дереу жаяу жүргіншілер жолағына шығуы керек. Көптеген қалалар мен ауылдардың тұрғындары жеке көлігімен немесе таксимен жүреді. Мұндай көліктерге тротуардан немесе жолдың шетінен ғана кіріп-шығуға болады, өйткені оның сол жағында тоқтаған көліктің жанынан басқа көліктер өтіп жатыр. Отырғызу және түсіру көліктің сол жағында орындалса, бұл өтіп бара жатқан көліктерге кедергі келтіреді және жолаушыларға қауіп төндіреді. 12 жасқа толмаған балаларды жеңіл автокөліктің алдыңғы орындығында тасымалдауға тыйым салынады. Қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған автокөлікте жүру кезінде жүргізушілер мен жолаушылар оларды тағуы керек.	**ы баға** ойын д мағынад талқылау белсенділік қатысқан оқ «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
Аяқталуы 10 минут	**Сабақты қорыту** «Жолаушы» викторинасы. Жолаушы деп кімдерді атайды?Жолаушыларға жалпы міндеттер қандай? Көлікті күту орындары қалай аталады және олар қалай белгіленеді? Көлік құралы қозғалған кезде жолаушыға не істеуге тыйым салынады? Автобусқа, троллейбусқа, трамвайға отырғызу және түсіру тәртібі қандай? Тұрақты автобусты немесе троллейбусты айналып өтудің ең қауіпсіз жолы қандай? Тұрақты трамвайды қалай айналып өту	**Қалыптастыруш ы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан топты басқа топ оқушылары

	керек? Көліктен қай жағынан шығу керек және неге? Неліктен жүк көліктері мен тіркемелерге ілінуге тыйым салынады? Көлікті пайдалану ережелерін сақтамау салдарынан орын алған жол-көлік оқиғаларын талдау арқылы сабақты аяқтауға болады. Жолаушыларға маршруттық көлік жүргізушісінің қозғалыс кезінде назарын аударуға рұқсат етілген бе? Қоғамдық көлік жолаушыларына көлік жүргізу кезінде тұруға рұқсат етіле ме? Қандай жағдайларда жолаушыларды жол жиегінен отырғызуға және түсіруге рұқсат етіледі?	бағалайды.
Сабақтың соңы 2 мин	Рефлекция « Аяқталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлергежазады: - Мен бүгін .....білдім - Маған .... қызықты болды - Маған....қиын болды	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.

Тақырыбы: Теміржол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері	**Мұғалімнің есімі: Керимбекова Д** **СЫНЫП: 7 «А»**

Күні:	**Қатысқандар саны:**	**Қатыспағандар:**

Сабақ мақсаттары	- Теміржол көлігі объектілерінде заңсыз әрекеттердің алдын алу; - Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және адамдардың өмірін сақтау мақсатында жол белгілерін тану.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	**Сабақ барысы**	**Ресурстар**
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: Ї топ **«Бағдаршам»** ІІ топ **«Жүргізуші»** ІІІ топ **«Аялдама»** Темір жол өткелі – темір жолдар мен тас жолдың немесе велосипед немесе жаяу жүргіншілер жолы қиылысатын жер. **Өткелдердегі қауіпсіздік** Ешқашан ұмытпа: • Өткелде қауіпсіздік ережелерін сақтамау сіздің өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін! • Жабық немесе жабылатын шлагбаумы және/немесе белсенді дыбыстық сигналы мен бағдаршамы бар өткелден өтуге тыйым салу барлық жол қозғалысына қатысушыларға, соның ішінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге де қатысты! • Өткелде шлагбаумнан 5 метрден жақын емес, ал шлагбаум болмаған жағдайда - ең жақын рельстен 10 метр қашықтықта тұру керек!	Суреттер, сла Бағалау
Ортасы 20 минут	1-тапсырма. Теміржол белгілерін суретке қарап айту	**Қалыптасты ы бағалау:**

		Шлагбаумы бар темір жол өткелі	ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
		Кедергісіз темір жол өткелі	

Темір жол өткелдерінде бағдаршамдар, шлагбаумдар, палубалар орнатылады.

Тосқауыл – жылжымалы арқалық. Түсірсе жол жабылады, көтерілсе ашық.

Темір жолды кесіп өту кезінде рельстерді басып кетпес үшін, рельстермен бірдей деңгейде ағаш қаңылтыр төселеді.

2-тапсырма. Теміржолдан өту ережесін айту

1. Темір жолға барыңыз, зейініңізді жинаңыз және өзіңізге ойша айтыңыз: «Абайлаңыз».
2. Жан-жағына қарап, жақындап келе жатқан пойыздың дыбысын ести аласыз ба, соны тыңдаңыз, вагондар бар-жоғын білу үшін артыңызға қараңыз, содан кейін қайтадан солға және оңға, содан кейін ғана темір жолдарды кесіп өтіңіз.

Темір жол ойын алаңы емес, қауіпті аймақ! Өзіңіздің және балаларыңыздың өміріне қамқор болыңыз!

Темір жол көлігі объектілеріндегі заңсыз әрекеттердің алдын алу

Назарсыздық	**Алкоголь**	**Наушникта болу**

Аяқталуы 10 минут	Темір жол көлігінің жұмысына заңсыз араласу Рельстерге бөгде заттарды қою, пойыздарға тас лақтыру және басқа да заңсыз әрекеттер адам өліміне әкеп соғуы мүмкін. Оған қатаң тыйым салынады: • темір жол көлігінің инфрақұрылымын зақымдау; • темір жол жылжымалы құрамының зақымдануы; • темір жолдарға бөгде заттарды қоюға; • жылжымалы құрамға заттарды лақтыру; • темір жол көлігі нысандарында террористік шабуылдар болуы мүмкін туралы жалған хабарламалар қалдыру. Темір жол көлігінің қызметіне кез келген бөгде араласу заңсыз болып табылады, ол заңмен қудаланады және қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан топты басқа топ оқушылары бағалайды.
Сабақтың соңы	Рефлекция « Аяқталмаған сөйлем» әдісі Сабақ соңында оқушылар өз ойларын стикерлергежазады:	**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.**

1-8 сыныптарға арналған "Жолда жүру ережелері" үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Сынып:5 «Г»

Сынып жетекші:Сейітжан Айзада

2023-2024оқу жылы

Бекітемін
Мектеп директоры
Қойайдаров Е.С
_____

5-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан.	1
2.	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3.	қараша	Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.	1
4.	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5.	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1
6.	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ.Қоғамдық көлік.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі.	1
8.	сәуір	Велосипедпен жүру.	1
9.	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

«Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді
ДТІЖО
Хидирова Г.Б

Жол таңбалардың белгіленуі

Сынып: 5«Г»
Сынып жетекшісі: Сейітжан Айзада

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Жол таңбаларының белгіленуі	Мектеп: Жалын-2021 Мұғалімнің есімі: Сейітжан Айзада СЫНЫП: 5Г

Күні:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:

Сабақ мақсаттары	-Жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру; Жол белгілерін ажырата білуге баулу, жолда жүру мәдениетін қалыптастыру. -Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Жол белгілері, бағдаршам суреті, АКТ.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы	Ресурстар
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: I топ **«Бағдаршам»** II топ **«Жүргізуші»** III топ **«Аялдама»** Жолда жүру ережелеріне арналған тәрбие сағатымызды Шөмішбай Сариевтің мына өлең жолдарымен бастаймыз. Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз. Жалғайтын достастырып бар елменен, Жолдардан тұрады ғой әлем деген. Бүгінгі бізге келген қонақтарға, Алдымен беріледі сәлем деген 1-тапсырма Жол ережелері мен жол белгілері туралы мақал-мәтел айту және жол белгісінің қандай белгіні білдіретінін табу. 1-сұрақ: Абайла, балалар! 2-сұрақ: Белгілі-бір жылдамдықтан асырмау! 3-сұрақ: Жаяу жүргіншілер жолы!	Суреттер, слайд Суреттер Бағалау

Тақырыбы: Жол таңбаларының белгіленуі	**Мектеп: Жалын-2021** **Мұғалімнің есімі: Сейітжан Айзада** **СЫНЫП: 5Г**

Күні:	**Қатысқандар саны:**	**Қатыспағандар:**

Сабақ мақсаттары	-Жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру; Жол белгілерін ажырата білуге баулу, жолда жүру мәдениетін қалыптастыру. -Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Жол белгілері, бағдаршам суреті, АКТ.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Жоспарланған уақыт	**Сабақ барысы**	**Ресурстар**
Басталуы 3минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1)Оқушылармен сәлемдесу. 2)Оқушыларды түгелдеу. 3)Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. 4) Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Комплимент» әдісі арқылы жағымды ахуал туғызу Бір-біріне есімдерінің бас әріптерінен басталатын комплименттер айтады. Топқа парта бойынша бөлу: I топ **«Бағдаршам»** II топ **«Жүргізуші»** III топ **«Аялдама»** Жолда жүру ережелеріне арналған тәрбие сағатымызды Шәмішбай Сариевтің мына өлең жолдарымен бастаймыз. Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз. Жалғайтын достастырып бар елменен, Жолдардан тұрады ғой әлем деген. Бүгінгі бізге келген қонақтарға, Алдымен беріледі сәлем деген 1-тапсырма Жол ережелері мен жол белгілері туралы мақал-мәтел айту және жол белгісінің қандай белгіні білдіретінін табу. 1-сұрақ: Абайла, балалар! 2-сұрақ: Белгілі-бір жылдамдықтан асырмау! 3-сұрақ: Жаяу жүргіншілер жолы!	Суреттер, слайд Суреттер Бағалау

«Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебі

Тексерілді
ДТІЖО
Хидирова Г.Б

Біздің аудан(ауыл),қала

Сынып: 5«Г»
Сынып жетекшісі: Сейітжан Айзада

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Біздің аудан (ауыл), қала	**Мектеп: Жалын-2021** **Мұғалімнің есімі: Сейітжан Айзада** **СЫНЫП: 5Г**

Күні:	**Қатысқандар саны:**	**Қатыспағандар:**

Сабақ мақсаттары	Туған жердің тарихын білуге, өз Отанын сүюге тәрбиелеу. Ойын көркем әрі толық жеткізе білуге баулу.
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтіңіс-Әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10-минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** «Біздің аудан (ауыл), қала» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! -Сұлу дала! Менің сүйген еркемсің, Жаным сенен жаратылған өлкемсің. Қандай жақсы, қазақ болып туғаным, О, туған жер! Тамашасың, көркемсің, -осы бір төрт шумақ өлең жолдарымен ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз. Тәрбие сағатымыздың тақырыбы туған жер болғандықтан әр кім өз туған ауылының тарихын білуге міндетті. Олай болса экранға назар аударайық! **«Ауылым-алтын бесігім»** бейнебаян Топқа бөлу (сурет арқылы) I топ «Кесене-тарихи ескерткіш» II топ « Мешіт-имандылық ұясы» III топ «Денсаулық-зор байлық» IV топ « Мектеп- білім бұлағы» **I тапсырма** Топтық тапсырма: әр топ өздері таңдаған ғимараттары туралы ақпарат жинап, қағаз бетіне түсіріп, келесі топқа түсіндіреді. Менің туған ауылым, Туған жерім, мекенім. Өскен жерім Талапкерім, Жарқырасын жұлдызың! **II тапсырма** Тақырыпты тереңірек ашу үшін әр топтан бір ер бала туған жер туралы төрт шумақ өлең оқып беру;	Оқушылыр бүгінгі ашық тәрбие сағатына өздерінің дайын екендіктерін, тақырыпқа сәйкес белсенділіктерін көрсетеді; Постер қорғау Оқушылар жаңа тақырып туралы ойларымен бөліседі; Белсенді оқушыны анықтау	Өз ойын дұрыс білдіріп,талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға **«Жарайсың!»** Жақсы айтқан оқушыға	Слайд Сурет

			бағалы сыйлық беру;	
Сабақтың ортасы	**III тапсырма** **«Табиғат бізге не береді?»** Оқушыларға стикер таратылады. Мысалы: табиғат бізге ішетін тамақ, киетін киім, жұтатын ауа, сусын, шығармашылық шабыт, қуаныш, дәрі - дәрмек, танып - білу, білім, қазба байлықтар Бұл жерде «соғыс, ашаршылық, табыну» сөздері жарамайды, сондықтан себетке тастаймыз. **«Біз табиғатқа не бере аламыз?»** Аяушылық, қамқорлық, қорғаныш, аялау, жылылық, мейірімділік, қайырымдылық махаббат, реніш, қорқыныш, жирену деген сөздердің ішінен керектісін алып Керек емес сөзді себетке тастау.	Оқушылар берілген тапсырманы стикер арқылы орындайды.		Стикер
Сабақтың соңы	**Дәйексөз.** «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.» Түсіндіру: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.» деген даналығында үлкен мән бар. Туған жер - әрбір адамның жарық дүниеге шыр етіп келген киелі мекені, ең алғаш жұтқан ауасы, табанының бастапқы ізі түскен жері, аялап өсірген алтын бесігі. Адам тағдыры да туған жерімен байланысты. Сондықтан, әрбір адам өзі туып өскен мекенін құрметтеп, оған қамқоршы бола білуі керек. Өз туған жерінің әр тасын, әр құсын қызғыштай қорып, оған деген асқақ сезімін өз қамқорлығы арқылы көрсетіп отырған адамды ғана туған жерін құрметтейтін адам деуге болады. **Жүректен – жүрекке.** Сөйлемдерді өз ойларыңмен жалғастырып айтындар. - Мен туған жерді сүйемін, өйткені..... - Мен туған жерді қорғаймын, өйткені... - Мен туған жерімді мақтан етемін, өйткені..	Оқушылар бүгінгі тақырып туралы ойларын жеткізеді.	Оқушылардың шапалақ арқылы қошеметтеу.	

«Жалын-2021» зияткерлік білім беру мектебінде 2023–2024 оқу жылында жолда жүру қауіпсіздігі бағытында атқарылған жұмыстардың талдауы

2023–2024 оқу жылында «Жалын-2021»зияткерлік білім беретін мектебінде оқушылардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолда жүру мәдениетін қалыптастыру және тосын жағдайлардың алдын алу бағытында жоспарлы, жүйелі іс-шаралар жүргізілді. Жұмыс жалпы мектептік тәрбие жоспарына, «Қауіпсіз мектеп» бағдарламасына және «Қауіпсіз балалық шақ» республикалық бастамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

1. Жол қозғалысы ережелеріне қатысты профилактикалық жұмыстар

Есептік кезең барысында жол қауіпсіздігі бойынша жылдық жоспар бекітіліп, барлық сыныптарда профилактикалық бағыттағы ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді.

- Оқушыларға жол белгілері, жаяу жүргінші ережелері, бағдаршам түстерінің мәні туралы бейнематериалдар көрсетіліп, интерактивті талдаулар ұйымдастырылды.
- Сынып жетекшілері тарапынан ай сайын «Жол ережесін білейік», «Бала – басты жолаушы», «Қауіпсіз өт!», «Бағдаршамның жасыл түсі – сенің қауіпсіздігің» атты тәрбие сағаттары өткізіліп отырды.
- 1–4 сынып оқушыларына арналған «Жол әліппесі» апталығы өткізілді.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының жол ережелері туралы бастапқы түсініктері тереңдеп, қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдылары қалыптасты.

2. Полиция инспекторымен және ата-аналармен бірлескен жұмыс

Мектеп инспекторы және аудандық полиция бөлімінің ювеналды инспекторларымен бірлескен профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілді.

- 5–9 сынып оқушыларына «Жолда абай бол», «Көліктегі тәртіп», «Түнгі уақытта жүретін оқушылардың қауіпсіздігі» тақырыптарында кездесулер ұйымдастырылды.
- Инспекторлар жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жаяу жүргіншілердің жауапкершілігі, велосипед міну кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нақты мысалдар арқылы түсіндірме жүргізді.
- Ата-аналар жиналыстарында оқушылардың жол қауіпсіздігін сақтауына ата-ананың жауапкершілігі туралы арнайы бөлім енгізіліп, ақпараттық парақшалар таратылды.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыс нәтижесінде оқушыларды мектепке тасымалдау ережелері, белбеу тағу мәдениеті және мектеп маңындағы қозғалыс тәртібі жақсарды.

3. Практикалық іс-шаралар мен тренингтер

Жол ережелерін тәжірибе жүзінде меңгерту мақсатында практикалық іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Жол белгілерін танып біл» жаттығулары;
- Мектеп ауласындағы шартты жол сызықтарымен тәжірибелік жүру;
- 1–7 сыныптармен «Жаяу жүргінші өткелі» жаттығулары;
- «Қауіпсіз мектеп жолы» маршруттарын талдау.

Бұл жаттығулар оқушылардың теориялық білімін бекітіп қана қоймай, күнделікті өмірде дұрыс шешім қабылдауға үйретті.

4. Ақпараттық және насихаттық жұмыстар

Жол қауіпсіздігіне арналған бейнероликтер, баннерлер және әлеуметтік желіге арналған материалдар дайындалып, мектептің ресми парақшасында жарияланып отырды.

- «Қауіпсіз жол – қауіпсіз балалық шақ» айлығы аясында тақырыптық көрмелер, қабырға газеттері, инфографикалар жасалды.
- Оқушылар арасында «Жол қозғалысы ережелерін білесің бе?» викториналары және сурет байқаулары ұйымдастырылды.

Бұл ақпараттық жұмыстар оқушылардың жол қауіпсіздігіне деген қызығушылығын арттырып, тәрбие процесінің көрнекілігін күшейтті.

5. Мониторинг және нәтиже талдауы

Жыл бойы жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде:

- Оқушылар арасында жол-көлік оқиғалары тіркелген жоқ;
- Мектепке қатынау кезінде жол қауіпсіздігін бұзу жағдайлары азайды;
- Оқушылардың 82%-ының жол белгілерін тану деңгейі жоғарылағаны анықталды (сыныпішілік бақылау нәтижелері бойынша);
- Бастауыш сынып оқушыларының жол ережелерін есте сақтау көрсеткіші артты;
- Ата-аналардың 70%-дан астамы жол қауіпсіздігі бойынша мектеппен бірлесе жұмыс істеуге дайын екендігін көрсеткен.

Қорытынды

2023–2024 оқу жылында «Жалын-2021»зияткерлік білім беретін мектебінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бағытында кешенді, жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізілді. Жоспарланған іс-шаралардың барлығы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылып, жолда жүру мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты.

Жол-көлік оқиғаларының тіркелмеуі, оқушылардың ережелерді меңгеру деңгейінің жоғарылауы – атқарылған жұмыстың тиімділігін айғақтайды.

ДТІЖО: Г.Хидирова